

Агроөнеркәсіп кешенінің салалары үшін шетелдік технологияларды, техника мен басқа да өнімдерді сатып алуды ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 желтоқсан 1993 ж. N 1312. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Агроөнеркәсіп кешені үшін шетелдік технологияларды, техника мен басқа өнімдерді сатып алуды ретке келтіру, республикаға техниканың, пестицидтердің, гербицидтердің, өсімдік тұқымдарының мемлекеттік сорттық сынаудан өтпеген, ескірген үлгілерін әкелуді, сондай-ақ мақсатта жұмсалатын валюталық қаражаттың орынсыз шығындарын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шетелдік фирмалардан техникалық-экономикалық жағынан негіздеусіз, сараптау мен тиісті сынаудан өтпеген техника мен технологияларды, асыл тұқымды малды, өсімдік қорғау құралдарын, вакцинаны және ауыл шаруашылығы бағытындағы басқа да өнімдерді шетел кредиті мен Республикалық валюта қаражаты есебінен сатып алуға жол берілмейді деп е с е п т е л с і н .

Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешенінің салалары үшін шетелдік технологияларды, техниканы, тұқымды, малды, өсімдік қорғау құралдарын, вакцинаны және басқа да өнімдерді сатып алудың тәртібі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімдерді жасап шығарумен, оларды өндіру және сынаудан өткізумен айналысатын Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарына, ғылыми ұйымдары және басқа да мекемелері мен кәсіпорындары сынақ лабораторияларын (орталықтарын) тіркеуге әзірлеуді жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармасы берілген өтініштерге сәйкес осы өнімдерге сертификаттық сынақ жасау құқығын беретін сынақ лабораторияларының (орталықтарының) тіркелуін жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары агроөнеркәсіп кешені үшін шетелдік технологияларды, техниканы, малды, өсімдік қорғау құралдарын, вакцина мен басқа да өнімдерді сатып алғанда олардың белгілі бір бөлігін Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым

академиясы мен ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындарының тәжірибелік және эксперименталдық шаруашылықтарына, ғылыми-зерттеу ұйымдарының сынақ лабораторияларына, Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігінің машина сынау станцияларына бірінші кезекте бөліп отырсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған үлгілерді орталықтандыра сатып алуға және оларды сынақтан өткізуді ұйымдастыруға қажетті қаражатты жыл сайын бюджет жобаларында көздейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясымен, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып импортты ауыстыратын материалдар мен техниканы, өсімдік қорғау құралдары мен биопрепараттарды отандық технологиялар негізінде 1994 жылдан бастап шығаруды ұйымдастыру туралы мәселені пысықтасын.

5. Шетелдік технологиялар, техника, өсімдік тұқымдары, асыл тұқымды мал, өсімдік қорғау құралдары, вакцина және агроөнеркәсіп кешені салалары үшін басқа да өнімдерді сатып алу саласындағы қызметті үйлестіру, сондай-ақ оларды сатып алатын валюта қаражатын шоғырландыру мақсатында осы мәселеге мүдделі министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік комитеттер мен акционерлік компаниялар акционерлік қоғам құра алады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1312 қаулысымен

Бекітілген

Агроөнеркәсіп кешені салалары үшін шетелдік технологияларды, техниканы, тұқымды, малды, өсімдік қорғау құралдарын, вакцинаны және басқа өнімдерді сатып алудың тәртібі туралы Ереже

1. Осы Ереже агроөнеркәсіп кешені салалары үшін шетелдік технологияларды, техниканы, өсімдік тұқымдарын, асыл тұқымды малды, өсімдік қорғау құралдарын, вакцинаны және басқа өнімдерді шетел кредиті мен Республикалық валюта қорының қаражаты есебінен сатып алудың тәртібін белгілейді.

2. Шетелден сатып алуға жоспарланған ауыл шаруашылығы бағытындағы импорттық машиналардың, жабдықтардың, технологиялардың, тұқымдардың, асыл тұқымды малдың, вакцинаның, өсімдік қорғау құралдарының өнеркәсіптік үлгілерін таңдап алу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуді министрліктерде,

мемлекеттік комитеттерде, ведомстволарда немесе кәсіпорындарда арнайы құрылған тәжірибелі мамандар тобы жүргізеді. Мұндай үлгілердің әлемдік стандартқа сай келуі тиіс және техникалық-экономикалық көрсеткіштері жағынан ТМД елдерінің өндірісінде бар сол тектестерден асып түсуі шарт.

3. Аталған өнімдерді сатып алу жөнінде әзірленген ұсыныстар ғылыми-техникалық сараптау жүргізу мақсатымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсібі Ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңесінің қарауына жіберіледі.

Өсімдіктерді қорғаудың химиялық, биологиялық құралдары мен өсу реттегіштерін сатып алу мәселесін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен орман алқаптарын қорғаудың химиялық, биологиялық құралдарын, феромондар мен өсу реттегіштерін сынау және тіркеу жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы шешеді.

4. Сатып алынатын технологиялардың, техниканың, тұқымның, асыл тұқымды малдың, өсімдік қорғау құралдары мен ауыл шаруашылығы бағытындағы басқа да өнімдердің жоғары тұтынушылық қасиеттері туралы тиісті сынақтармен негізделген дәлме-дәл деректер болған 3-тармақта аталған ұйымдар тиісті сараптамадан кейін қосымша сынақтан өткізбей-ақ осы өнімдерді сатып алу жөнінде ұсыныс жасау туралы шешім қабылдай алады.

5. Тұтынушылық қасиеттері туралы дәлме-дәл деректер мен республика жағдайында қолдану тәжірибесі болмағанда технологиялар мен техниканың, тұқымның, асыл тұқымды малдың, өсімдіктер қорғау құралдарының, вакцинаның таңдалған үлгілері ғылыми сараптама жүргізу үшін жеткілікті мөлшерде ғана сатып алынады, сараптама Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы ғылыми-зерттеу ұйымдарының бейімделген лабораторияларында, тәжірибелік және эксперименталдық шаруашылықтарында, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоғары ауыл шаруашылық оқу орындарының сорт учаскелері мен машина сынау станцияларында, оқу-тәрбие шаруашылықтарында жүргізіледі, сертификаттық сынаулар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі Бас басқармасында тіркелген лабораторияларда (орталықтарында) жүргізіледі. Бұл үлгілерге сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі тарапынан мемлекеттік экологиялық сараптама да жүргізіледі.

Техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеуге жұмсалған шығынды импорттық техниканы, технологияларды және ауыл шаруашылығы бағытындағы басқа да өнімдерді сатып алушы министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар мойындарына алады. Оларды сынау мемлекеттік бюджеттен осы мақсатқа бөлінген қаржы есебінен

ж ү р г і з і л е д і .

6. Сынау қорытындылары тиісінше Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешені Ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңесі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен орман алқаптарын қорғаудың химиялық, биологиялық құралдарын, феромондар мен өсу реттегіштерін сынау және тіркеу жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясында қаралады. Олардың ұсыныстары әлеуетті тұтынушылар мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігінің қаперіне жеткізіледі.

7. Шетелдік техниканы, технологияларды, тұқымдарды, асыл тұқымды малды , вакцинаны, өсімдік қорғау құралдары мен ауыл шаруашылығы бағытындағы басқа да өнімдерді сатып алу жөніндегі, сондай-ақ шетел кредиті мен Республикалық валюта қорының қаражаты есебінен валюталық қаржыландыруды талап ететін импортты ауыстыратын өнімдер шығаруды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінің міндетті түрде сараптауынан өткізілуге жатады.

8. Шетелдік технологияларды, техниканы, тұқымдарды, асыл тұқымды малды , вакцинаны және ауыл шаруашылығы бағытындағы басқа да өнімдерді сатып алудың аса маңызды және даулы мәселелерін, сондай-ақ импортты ауыстыратын өнімдерді шығаруды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Агроөнеркәсіп кешенінің кеңесі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Агроөнеркәсіп кешеніне арналған машина жасау жөніндегі кеңесте қаралуы м ү м к і н .

9. Мемлекет кепілдігімен кредит есебінен белгіленген тәртіпті бұзып сатып алынған импорттық техниканы, технологияларды және ауыл шаруашылығы бағытындағы басқа да өнімдерді өндіріске енгізуден келген зиянның орны қазіргі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тауарлардың сол түрлерін сатып алуға тапсырыс берген заңды ұйымдар тарапынан толтырылады.